


ДИАЛОГТИК ОҚЫТУ

Мен өзімді қоршап тұрған айналаға қарап қызмет жасаймын .

Мен тергеуші емес , ынталы оқушы боламын .

Мен жағдай қандай болса солай қабылдаймын және оны амалдаймын.



Мен өзімнің ақылымның дамуына көңіл аударып отыруға тырысамын .

Мен үйренемін және өзіме пайдалы зат аламын.

Мен жігерім мен ойыма қажет ететін затты оқимын.

ОҚУШЫЛАР АРАСЫНДА ДИАЛОГ ҚАШАН БАСТАЛАДЫ?



Оқушылардың тақырып бойынша өз ойларын білдіруіне мүмкіндік береді;
Басқа адамдарда түрлі идеялардың болатындығын оқушылардың түсінулеріне көмектеседі;
Оқушылардың өз идеяларын дәлелдеуіне көмектеседі;
Мұғалімдерге оқушыларды оқыту барысында олардың оқушылары қандай деңгейде екендігін түсінуге көмектеседі.



[ВИДЕО](#)

Мен коучингке қатысушыларға мейірімділікпен қараймын .

Мен дауысымды көтермей сөйлеймін .

Мен сынамауға тырысамын , ешкімге басшылық жасамаймын және ешкімнің қатесін түзулеп отырмаймын .

МҰҒАЛІМ МЕН ОҚУШЫЛАРДЫҢ ДИАЛОГТІК ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕНУІ



ӘНГІМЕ ТҮРЛЕРІ

Әңгіме-дебат :

- 1) ой-пікірлерде үлкен алшақтық болады және әрқайсысы өз шешімдерінде қалады;
- 2) ресурстарды біріктіруге бағытталған аздаған талпыныс жасалады;
- 3) қарым-қатынас көбіне «Иә, бұл солай», «Жоқ, олай емес» деген бағытта жүзеге асады;
- 4) Орта бірлесуден гөрі, көбіне бәсекелестікке бағытталған.

Кумулятивтік әңгіме :

- 1) айтылған пікірлермен тыңдаушылардың әрқайсысы механикалық түрде келісе беруі;
- 2) әңгіме білім алмасу мақсатында жүргізілгенімен, оған қатысушылардың өзгелер ұсынған қандай да болсын идеяларды төзімділікпен тыңдауы;
- 3) идея қайталанарды және жасалынады, бірақ үнемі мұқият бағалана бермейді.

Зерттеушілік әңгіме жүргізілу үстінде:

- 1) әркім ақылға қонымды мәлімет ұсынады;
- 2) әркімнің идеясы пайдалы ретінде бағаланғанымен, мұқият бағалау жүргізіледі;
- 3) қатысушылар бір-біріне сұрақ қояды;
- 4) қатысушылар сұрақ қояды және айтқандарын дәлелдейді, осылайша әңгімеде дәлелдеме «көрінеді»;
- 5) топтағы қатысушылар келісімге жетуге тырысады (олар келісімге келуі де, келмеуі де мүмкін, ең бастысы – келісімге ұмтылу).

□ **Аяқталмаған сөйлем:**

- **Егер баланы үнемі сынап отырса, ...**
- **- Егер балаға үнемі күлсе, ...**
- **- Егер баланы үнемі мақтап отырса, ...**
- **- Егер бала төзімділікте өссе, ...**
- **- Егер бала адалдықта өссе, ...**
- **- Егер бала қауіпсіз жағдайда өссе, ...**
- **- Егер бала кекшілдікте өссе, ...**
- **- Егер бала түсіністікте және сүйіспеншілікте өссе, ...**
- **:**

● **Дұрыс жауаптары::**

- Егер баланы үнемі сынап отырса, ... **(оның оқуғы құлқы болмайды).**
- - Егер балаға үнемі күлсе, ... **(ол бұйығы болып кетеді).**
- - Егер баланы үнемі мақтап отырса, ... **(ол өз қадірі үшін оқиды).**
- - Егер бала төзімділікте өссе, ... **(ол басқаларды түсінуге тырысады).**
- - Егер бала адалдықта өссе, ... **(ол адал болып жетеді).**
- - Егер бала қауіпсіз жағдайда өссе, ... **(ол адамдарға сеніммен қарайды).**
- - Егер бала кекшілдікте өссе, ... **(ол қатыгез болып өседі)**
- - Егер бала түсіністікте және сүйіспеншілікте өссе, ... **(ол әлемнен махаббат табуды үйренеді).**

Сыныпта сұрақ қоюдың үлгісі «**бастама-жауап-кейінгі әрекет**» (БЖӘ) нысаны бойынша қойылған сұрақ екендігі анықталды. Мысалға:

Бастама (мұғалім): Адам денесінде неше сүйек бар?

Жауап (оқушы): Екі жүз алты.

Кейінгі әрекет (мұғалім): Дұрыс.

Сұрақ қоюдың техникалары:

Түрткі болу: түрткі болуға арналған сұрақтар бірінші жауап алу үшін және оқушының

жауабын түзетуге көмектесу үшін қажет, айталық, сұрақты қарапайым етіп қою, өткен материалға оралу, ойға салу, дұрысын қабылдау және толығырақ жауап беруге итермелеу.

Сынақтан өткізу: сынақтан өткізуге арналған сұрақтар оқушыларға анағұрлым

толық жауап беруге, өз ойларын анық білдіруге, өз идеяларын дамытуға көмектесетіндей етіп құрылуы қажет, сондай-ақ «Сіз мысал келтіре аласыз ба?» деген сияқты сұрақтар тапсырманы орындау барысында оқушыға бағдар беріп отырады.

Қайта бағыттау: сұрақты басқа оқушыларға қайта бағыттау, мысалы, «Көмектесе алатындар бар ма?»

Сұрақ қою арқылы мұғалім:

Оқушыларды тақырып бойынша және сындарлы сөйлеуге ынталандырады;

Оқушылардың шынайы қызығушылығы мен сезімдерін анықтайды;

Білімге құштарлықты дамытады және зерттеуге ынталандырады;

Оқушыларға білімін қалыптастыруға және вербалдандыруға көмектеседі;

Оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауына ықпал етеді;

Оқушыларға сыни тұрғыдан ойлауға көмектеседі;

Оқушылардың бір-бірінен үйренуіне, басқа оқушылардың идеяларын құрметтеуіне және бағалауына ықпал етеді;

Әңгімелесу және ой елегінен өткізу көмегімен ойын жинақтауға көмек береді, іс-әрекеттерін тереңдетеді және шоғырландырады;

Оқытуды қиындататын қиындықтар мен түсінбестіктерді анықтайды.

Мен бақытты болудан қорықпаймын , өз жұмысымнан рахаттанамын .

Мен жақсы көремін және сенемін , мен кімді жақсы көрсем ол да мені жақсы көреді.

ДИАЛОГ ҮШІН СӨЗ ҚАЖЕТ ПЕ?...



Сыныпта диалогты пайдалануға мүмкіндік беретін факторлар	Факторлар	Сыныпта диалогты пайдалануға кедергі болатын факторлар
Жоғарғы деңгейдегі сұрақтар	Сұрақтар	Төменгі деңгейдегі сұрақтар

«Комплимент» .

Жаттығудың тапсырмасы – қатысушылардың бірін бірі түсінісуі арқылы эмпатия деңгейін көтеру, тіл табыса алу қасиетін, бірі бірін толық тануын дамыту.

Тренингке қатысушылар шеңбер бойымен орналасады.

Кез келген қатысушы жағымды комплимент айтады.

Ал қалғандары ол кімге арналғанын табады.

Комплимент алған қатысушы ойынды әрі қарай жалғастырады. Барлығы түгелдей жағымды эмоция алмайынша ойын аяқталмайды.

Әнгіме - дебат